

Спорттық бағдарлаудан Астана қаласының жазғы Чемпионатының ЕРЕЖЕСІ

Астана қаласы, 2025жыл

1. ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ, ӨТЕТІН УАҚЫТЫ МЕН ОРНЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУІ МЕН КЕТУ КҮНІ.

**Спорттық бағдарлаудан
Астана қаласының жазғы Чемпионаты.**

Мақсаты мен міндеттері:

- Астана қаласында спорттық бағдарлауды насихаттау және дамыту;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Жастарды жүйелі дене шынықтыру және спорт сабақтарына тарту;
- Спортшылар арасында татулық пен ынтымақтастықты дамыту;
- Спортшылар мен төрешілердің шеберлігін арттыру.

Жарыс 2025 жылғы 26-28 қыркүйек аралығында Астана қаласының қалалық алаңдарында және қала маңындағы орманды жерлерде өткізіледі.

Жарыс бағдарламасы:

26 қыркүйек 2025 жыл	Келу күні
27 қыркүйек 2025 жыл	10:00- түнгі бағдарлау (бөлек старт). Бәйтерек монументі алдындағы алаң Қатысушылардың қайтуы.
28 қыркүйек 2025 жыл	10:00- түнгі бағдарлау (бөлек старт-). Орман демалыс аймағы

Бағдарламада өзгерістер болу мүмкін.

Мандаттық комиссия құжаттарды 26 тамыз күні, 16:00-19:00 дейін, Тұран даңғылы, 2/5, Орталық саябақта қабылдайды.

2. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ.

Жарысқа өтінім берген ұйымдардың денсаулықтарына қарсы көрсеткіштері жоқ спортшылар және жеке тұлғалар қатыса алады.

Қатысушылар саны шектелмеген.

Жас топтары:

MW - 8 (2017 -2018);

MW - 10 (2015 -2016);

MW - 12 (2013 - 2014);
MW – 14 (2011 - 2012);
MW – 16 (2009 - 2010);
MW – 21 (2008 және үлкен);
MW – 21 А (2008 және үлкен разрядсыз);
MW – 40 (1985 және үлкен).

3. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Мәреде дәрігер болады. Жарыстың барлық қатысушылары тіркеу парақшасында допингке қарсы Кодекспен таныса алады.

4. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМДЕР БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ.

Қатысуға өтінім 2025 жылғы 25 тамыз 18.00 – ге дейін ORGEO.RU жүйесі арқылы беріледі.

Жарысқа түсу келесі қатысушыларға рұқсат етіледі:

- Спорттық бағдарлауға медициналық қарсы көрсетілімдер жоқ қатысушылар;
- Медициналық тексеруден өтуге және бағдарлау жарыстарына қатысуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытындысы бар қатысушылар.

Кәмелетке толған спортшылар өз денсаулықтарына өздері жауапты. Кәмелетке толмаған спортшылардың денсаулықтарына ата-анасы немесе заңды өкілі жауапты.

5. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер жекелеген жас топтарында қашықтықтан өтуге жұмсалған ең аз уақыт бойынша анықталады.

1-3 орын алған қатысушылар медаль, сыйлық және дипломдармен марапатталады.

Дипломдар, медальдар және сыйлықтарды Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ қамтамасыз етеді.

6. НАРАЗЫЛЫҚ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ.

Наразылықтар беру тәртібі және оны қарау ҚР СБФ ережелеріне сәйкес.

По вопросам регистрации обращаться по номеру:

+77471916837 Лукашевич В.И.